



Мұнайлы



ҚазМұнайГаз

www.mmg.kz

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№08 (83), қыркүйек, 2016 жыл

ӨЛКЕ

МЕЙРАМЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ЕЛГЕ МӘЛІМ, МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ АҚ ОРДАСЫ!

Құрметті «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымы!



Сіздерді «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы - заманауи ғылыми-технологиялық жетістіктерді тиімді пайдалана отырып, тұрақты өркендеу үрдісімен алға қарай сенімді қадам басқан кен орындардың бірі. Бүгінде Маңғыстау мұнайының

«алтын сандығы» алғаш ашылған Жетібай жерінің, соның ішінде, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының алатын орны ерекше. Ойғені, жарты ғасырлық тарихы бар өндіріс орнының қара жердің қойнауынан қазыналы дария ағызып, халық игілігі үшін жаратып, еліміздің экономикасының қарыштап дамуына және қасиетті аймақтың гүлденуіне, өркендеуіне қосып отырған үлесі өте сүбелі.

Кен орында компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты түрде артуына, ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына, сол арқылы облысымыздың мұнай-газ секторының жетілуіне үлкен үлес қосып келе жатқан, өз ісін жетік білетін майталман мамандар жұмыс істейді. Мамандығына адал, еңбеккер, нағыз кәсіби шебер мамандардың арқасында Жетібай кен орны ешқашанда еңбек қарқынын төмендеткен емес. Бұл аптапты дала тесінде, аязды дауыл өтінде жүрген әрбір мұнайшының жасампаз еңбегі мен ортақ игілікке жету жолында еңбекке жұмылған ерен күші мен қиын қызметте бір жеңген қол, бір жағадан бас шығара алған барша ұжымның ынтымағының жемісі деп білемін. Өз басым еңбек жолымыз осы ұжымнан бастағанымды мақтан тұтамын.

Алдағы уақытта да осы бағыттан таймай, ел игілігі үшін еңбек етіп, егеменді еліміздің өркендеуіне, экономикамыздың қарыштап дамуына лайықты үлес қосып, мұнай-газ секторын дамыта түсу міндетін ойдағыдай іске асырады деп сенемін.

Мерейлі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, осынау жауапты да абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында баршаныңа қажымаз қайрат, жалынды жігер, ұжымда ұйымшылдық пен табандылық танытуда.

Өрдайым дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болып, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізде үлкен жетістіктер мен мол табыстарға келіңіздер!

Мерейтой құтты болсын!

Құрметпен,

Маңғыстау облысының
әкімі

А. Айдарбаев

Қымбатты әріптестер!



Сіздерді “Жетібай-мұнайгаз” өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жыл толуымен құттықтаймын!

Еліміздің байырғы кәсіпорындарының бірінен саналатын “Жетібай-мұнайгаз” өндірістік басқармасы елу жыл ішінде мұнайгаз секторының құрамына айнала білді. Кәсіпорын ұжымы мұнай өндірудің қыр-сырын жетік меңгеріп отырып, өздерінің алдарына қойған міндеттерін жүзеге асыруда біліктілік пен кәсіби шеберлік танытып келеді. Осынау үлкен жетістіктерге қол жеткізуде ұжым мүшелері қалыптасқан дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, әлі күнге дейін ұйымшылдық пен табандылық танытуда. Көне кеніштің қыр-сырын жете меңгерген сіздер барған сайын байлығы сарқылатын жердің жанды қуатын халық игілігіне айналдыруда табандылық танытып келесіздер. Алдағы уақытта да сіздердің тын биіктерден көріне беретіндіктеріңізге сенімдімін.

Құрметті әріптестер, сіздердің бәріңізге зор денсаулық, баянды бақыт және ұзақ өмір тілеймін. Отбасыларыңыз әрқашан амандықта болып, шаңырақтарыңыз шаттық пен ырысқа тола берсін. Еліміздің ертегі жолындағы еңбектеріңізде жана жетістіктерге жетіңіздер.

Құрметпен,

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ президенті
(Басқарма төрағасы)

С. Мынбаев

Құрметті маңғыстаулық өндіріс еңбеккерлері! Қымбатты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымы!



Баршанызды “Жетібаймұнайгаз” өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жыл тоған мерейтоймен құттықтаймын.

Бұл айтулы дата еліміз үшін маңызды да мәртебелі мерейтойдың бірі деп білемін. Аталмыш мерекеге орай барша мұнай-газ саласының қызметкерлері мен жалпы жұртшылықты шын жүректен құттықтаймын.

Кең байтақ Қазақстанның батысында, киелі Маңғыстау жерінде Жетібай кен орны ел ырысы мен игілігіне айналғанына биыл жарты ғасыр толып отыр. Маңғыстау топырағы – қазақ батырлары мен ақындары, билері мен шешендері, өнер мен спорт тарландары шыққан шежірелі өлке. Сонымен қатар, Қазақстанның батыс өңірі елімізде Бекет-ата, Шақпақ-ата, Шопан-ата мөштітері және ашық аспан астындағы тарихи-мәдени ескерткіштерімен де жақсы таныс.

Бұл өңірдің белсенді азаматтары бойындағы ашықтық пен іскерлік арқасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы артып, өндірісі қарқынды дамула.

Ел экономикасының қуаты – мұнай өндіру осы өңірдің үлесінде.

Егеменді елімізді дамытуға Маңғыстау аймағы, оның ішінде Жетібай кен басқармасы да өзіндік үлес қосуда.

Түбегке барлаушылардың табыны алғаш рет 1958 жылы тиді. Көп жылғы зерттеулер мен топышылаулар, ғылыми ізденістер мен табандылықтың арқасында Жетібай кен орнын тауып-танып, халықтың игілігіне басты байлығымыз беріле бастады. Осы жолда ерен еңбек сіңірген Д. Үсенов, Р. Сағындықов, Х. Бейсейітов, А. Аяғанов, С. Қаналиев, Л. Еңсегенов, Б. Бошенов, А. Болекбаева, Н. Нуржанов, М. Жолболдин, Ж. Дұқпанов, М. Құсайынов, М. Төлеуғалиев есімді азаматтардың атын атап ерекше өткен абзал. Олардың

есімдері кәсіпорынның ғана емес, Қазақстан мұнай тарихының беттеріне алтын әріптермен жазылды.

Біздің еліміздің құрғатамыры саналып, экономикамыздың қарыштап дамуына «қара алтынның» қосар үлесі зор. Бабаларымыз қорғап кеткен жер байлығы арқасында қазіргі таңда түрлі өндіріс орындары дамып, тың технологиялар өндіріске енгізілуде. Халықтың жағдайы жақсарып, бақуаттылығы артуда. Бұл тұрғыда «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы ұжымының еңбегі орасан екенін атап өткен жөн. Мұнайшылардың жылдың төрт мезгіліндегі қажырлы қызметтерінің нәтижесінде Қазақстанның озық мемлекеттердің қатарынан орын сайлауда. Ортақ қазынамызға қаржы құйылып, қарыштап өрлеуге жол ашылуда. Сол себепті маңызды міндетті атқарып отырған мұнайшыларға қазақстандықтардың алғысы зор екені сөзсіз.

Сіздердің ерен еңбектеріңіз бен қажырлы күш-жігерлеріңіздің арқасында еліміздің өндірісі мен өнеркәсібі жана серпінім даму үстінде.

Айтулы датамен баршаларыңызды құттықтай отыра, алдағы күндері жана белестер мен жеңістер тілеймін. Ел игілігі үшін етіп жатқан еңбектеріңіз жана берсін!

Құрметпен,

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

К. Бозымбаев

Уважаемые нефтяники, дорогие коллеги, друзья!



От имени Компании «КННК Интернационал в Казахстане» искренне поздравляю сплоченный коллектив АО «Мангистаумұнайгаз» с ярким историческим событием в летописи казахстанской нефтегазовой промышленности - 55-летним юбилеем первого фонтана нефти в Мангистау и 50-летием производственного управления «Жетібаймұнайгаз»!

Страницы легендарной истории сохранили память о значении великого пути нефтяников Мангистау: от первого фонтана, первых этапов обустройства месторождений, через посту-

пательное развитие промышленного потенциала и накопление бесценного профессионализма работников – к современному дню, когда успех и прорывные результаты прямо связаны с инновационным мышлением, наукоёмкими технологиями, автоматизацией производственных процессов нефтедобычи, с готовностью каждого члена трудового коллектива продемонстрировать энергию личностного развития.

Дорогие ветераны АО «Мангистаумұнайгаз»! В этот торжественный день с особым трепетом хочется отметить величие вашего профессионального вклада в дело развития предприятия. Именно ветераны отрасли своим усердием и нелегким трудом создали прочный фундамент и гарантии для последующего стабильного развития АО «Мангистаумұнайгаз», именно от их труда зависело благополучие страны на нелегких этапах становления молодой Республики.

С праздником вас, уважаемые ветераны нефтяной промышленности!

По случаю празднования Дня работников нефтяной и газовой промышленности это раз горячо поздравляю всех работников АО «Мангистаумұнайгаз» и желаю благополучия, ярких корпоративных событий, светлого мирного неба и процветания!

Генеральный директор
ОО «КННК Интернационал в Казахстане»
Председатель Совета директоров
АО «Мангистаумұнайгаз»

Биан Дыжы



Мерекелік лебіз

Қымбатты мұнайшылар! Қадірлі жетібайлық әріптестер!

Сіздерді мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлері Күнімен қатар келген Жетібай кенорнында мұнай ашылған тарихи оқиғаға 55 жыл және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-на 50 жылдық мерейлі мерекемен құттықтаймыз. Сіздерге мұнайшылар атынан зор алғысымызды айтып, ел үшін атқарған ерен еңбектеріңіз үшін бас иеміз! Сондай-ақ Жетібай кенорнына қызмет кеткен геологтар, бұрғышылар, тасымалдаушылар, құрылысшылар және әлеуметтік сала қызметкерлеріне ерекше құрметімізді жеткізіміз келеді.

Әрине, жарты ғасыр ұзақ тарихи өлшеммен алғанда қас қағым ғана уақыт. Компания осынау даңқты күнге дейін ерлік пен еңбекке толы ғасырлардың ғасырына татитын үлкен белестен жүріп өтті. Бұл мереке - ерекше мереке. Себебі, осынау ұлы оқиға Маңғыстау өмірбаянының жаңа, жарқын бетін ашты. Бір сөзбен айтқанда, халықтың қажетіне жаратқан «қара алтынның» арқасында Маңғыстау өлкесі республиканың ірі өндірістік орталығына айналды.

Уважаемые коллеги!

55 летие первого нефтяного фонтана, 50-летие ПУ «Жетібаймұнайгаз» – праздник особый. Ведь именно с жетібайской землей связана история нефтяной промышленности Мангистау. За 50 лет добыто почти 93 млн. тонн «черного золота» - это достойная лепта в развитие нефтяной отрасли страны.

Месторождение Жетібай стало настоящей школой для всей нефтяной отрасли, школой для внедрения новых технологий, школой жизни. Здесь выросли крупные руководители, специалисты. Жетібайская земля дала казахстанской нефти настоящих нефтяников.

Қымбатты әріптестер!

Ардақты ардагер ағалар, қадірлі мұнайшылар!

Баршаныңа мықты денсаулық, отбасыларыңа амандық пен қуаныш тілейміз!

Маңғыстау мұнайының киелі қара шаңырағының мәртебесі биіктеп, өңіріміз өркендеп, Тәуелсіз Қазақстан күн санап көркейе берсін!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы,

Бас директоры

Б. Иманбаев

Бас директорының
бірінші орынбасары

Пэй Цзяньшэн

«МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» - ЛУЧШИЙ СРЕДИ ЛУЧШИХ

26 августа в Алматы прошла XXXII международная церемония награждения лидеров экономики Казахстана и других стран-участниц Союза национальных бизнес-рейтингов.

Союз Национальных бизнес-рейтингов уже на протяжении многих лет определяет лидеров экономики в странах объединения.

Отрадно отметить, что в этом году одним из победителей международного конкурса стало Акционерное Общество «Мангистаумұнайгаз».

По результатам статистического ранжирования, основанного на данных официальной статистики, «Мангистаумұнайгаз» стал лучшим предприятием в Казахстане в номинации «Прибыль (убыток) за год», а также занял первое место в Мангистауской области по сумме трех номинаций финансово-экономической деятельности – «показатели активов и капитала», «показатели прибыльности», «показатели ликвидности».

Данные показатели являются одними из лучших в нефтегазодобывающей отрасли, поэтому АО «Мангистаумұнайгаз» был присвоен статус «Лидер отрасли».

На торжественной церемонии награждения Генеральному директору АО «Мангистаумұнайгаз» Бақыту Иманбаеву и первому заместителю Генерального директора Пэй Цзяньшэну вручили золотую медаль «Лидер отрасли 2016», официальный национальный VIP-сертификат «Лидер отрасли» и орден «Гордость экономики».

Эта награда - признание высокого производственного, экономического и социального статуса нашей компании на общегосударственном уровне, - отметил Бақыт Иманбаев, - Это признание того, что «Мангистаумұнайгаз» вносит существенный вклад в экономику Республики Казахстан и заслужил высокий авторитет в нефтегазо-добывающей отрасли. Но самое главное - это результат многолетнего и кропотливого труда каждого из работников АО «Мангистаумұнайгаз», это - заслуга всего коллектива!



Тарихтан - тағылым

ҚАЗЫНАЛЫ ТҮБЕКТИҢ «ҚАРА АЛТЫН» БАСТАУЫ

Биыл жер жүзіне атағы жайылған Жетібай мұнайының ашылғанына 55 жыл, «Жетібаймұнайгаз» өндіру басқармасының құрылғанына 50 жыл толып отыр. Осынау өте мереке қарсаңында бұл кен орнының қос тарихына көз жүгіртіп, ардагер азаматтардың есімдерін ел жадында тағы бір мәрте жаңғыртып, атап өткенді жөн санадық.

Бұл өңірге мұнай барлаушылардың табаны тұңғыш рет 1958 жылы тиді. Оған дегені Қызыл мен Түбіжіктегі мұнай көзін іздеу жұмыстары үмітті ақтамаған соң «Мангистаумұнайгазбарлау» («ММГБ»-«МНГР») тресінің Дүйсен Үсенов бастаған бұрғылау бригадасы мен сейсмикалық барлау бригадалары Оңтүстік Маңғыстауға - Жетібай жеріне қоныс аударды. Жетібай мұнай барлау экспедициясының басшылық құрамында Р.Сағындықов, есептеу-жоспарлау, жабдықтау жағында Х.Бейсеуов, А.Аяғанов, С.Қанадиев, Л.Еңсенов, Б.Бөшенов, А.Бөлекбаева, Н.Нұржанов, М.Жолболдиндер жұмыс жасады. Мұнай барлау жұмысын қаржыландырумен Жаңбырбай Лұқпанов айналысты. Экспедицияның бастаушы партия комитетінің төрағасы Мұстах Құсайынов, көсподак комитетінің төрағасы Мантық Төлеуғалиев, заңгері Шамсутдинов болды.

Жетібай кен алаңындағы ең бірінші терең бұрғы жер қойнауына 1959 жылдың 24 қаңтарында жіберілді. Бірақ бір жарым жыл бойы үлкен еңбекпен қазылған ұңғы 1960 жылдың 20 шілдесінде 2658 метр тереңдікте бұрғылау құбыры забойда ұсталып қалып, апатқа ұшыраған соң қазу жұмыстары тоқтатылды. Бұл жұмыстың аса ауыр болғаны сонша, ауелі Ю.Кузнецов, Ж.Мұқағатов, К.Тарабриндер басшылық ететін бригада бұрғылап бастаған ұңғыны қазу кезінде 8 бұрғылау шебері ауысты. Дегенмен, жұмыс нәтижесі болған жоқ. Ұңғының тереңдігі 2500 метрден асқан кезде орталық юра шөгіндісінен кернеу сінген мұнай белгісі алынды.

Екінші №2 ұңғыны Салық Рысқалиев бастаған бригада 1959 жылдың 5 тамызында қазып бастады. Бұл ұңғыны бұрғылау жұмыстары да оңай болған жоқ. Бұрғышылардың ерен еңбегінің арқасында 1960 жылдың ақпанында 1700 метр тереңдікте тағы да мұнай сіңген кернеу анықталды. Бұл керн түгелге жуық мұнай

болып шықты. 1960 жылы қазан айында осы ұсталып қалған бұрғылау құбыры өндірістік құбырдың орнына шегенделіп, 1905-1909 метр тереңдіктен тәулігіне 1,6 текшеметрдей таза мұнай алынды. Бұл өте жоғары сапаға не Маңғыстаудың тұңғыш мұнайы еді. Бірақ ол үлкен өндірістік мұнай емес болғандықтан 1960 жылдың 8 мамырында Жетібай жерінің қойнауына үшінші терең бұрғы жіберілді.

басшылық ететін Жетібай мұнай барлау алаңындағы №6 ұңғыдан 2383-2389 метр тереңдік аралығынан қуатты мұнай бұрқағы атылды. Маңғыстау мұнайының бастау-бұлағы осы күн болды.

Жер қыртысының терең юра қабатынан үлкен қысыммен аспанға атқылған мұнай бұрқағының күшті болғаны соншалық, биіктігі 53 метрлік бұрғылау мұнарасының краны



Бұрғылау шебері Николай Петровтың бригадасы қазған бұл №6 ұңғы да 2608 метрге жеткен кезде апатқа ұшырады. 1961 жылдың 21 маусымында қашауды ауыстырып, бұрғылау құбырын ұңғыға жіберу кезінде 2420 метр тереңдікте құбыр тағы да ұсталып қалды. «Апатқа кінәлі» деп танылған Н.Петров қызметінен босатылып, еңбек демалысына жіберілді. Разведка бастығы Д.Үсенов пен аға инженері Х.Алдақовтың орнына Түбіжіктегі геологиялық барлау-бұрғылау алаңының басшысы Хасан Тәжиев пен аға инженер Қуан Қазиев тағайындалды.

Ақыры Маңғыстау мұнайының ашылған күнін тарихта алтын әріптермен айшықтап қалдырған 1961 жылдың 5 шілдесі де келіп жетті. Нақ сол күні түнгі сағат 2-ден 40 минут өткенде бұрғылау шебері Бисенғали Божикөвтің вахтасында Х.Тәжиев, Қ.Қазиев, В.Тевяштар

көрінбей қалды. Фонтан үш күн бойы атқылап, 3 мың тонна мұнай шығарды. Мұншалықты қуатты мұнай бұрқағын ауыздықтау бұрғышыларға оңайға түскен жоқ. Үш күн бойы арпалысып, ақыры фонтанды ауыздықтаған қаһарман бұрғышылардың қатарында Бисенғали Бәжіков, Сабырбай Шалтыбаев, Кемелхан Берікбосынов, Бідән Қалиев, Оңғар Қабжанов, Қайып Азанбаев, Шәкірт Саханов, Қалабай Қыстаубаев, Найзабек Толтырбаев, Кесікбай Науанов, Төлекөк Әлімбаев, Аймағанбет Әліев, Кесікбай Өтегенов, Сергей Левинский, Оңай Бұқабаев, Михаил Жуковский, Нұрмахан Қанатаев, Жосалы Қыстаубаев, Ізүрган Сүйіндіков, Атабай Төрмұратов, Ермұхан Таужанов, Төркі Тоқжанова, Тұрмұханбет Кенбаев, Қожахмет Қалдыбаев, Иткүшік Байжанов, Рүстем Жүзбаев, Мұхтар

Ералиев, Петр Трифонович Шамрай, Кантор Куанышбеков, Леонидас Керулис, Санатбай Масатов, Сайлаубай Смағұлов, Жәку Әліев, Сабыр Бисенов, Төлесін Өмірбаев, Мырзабек Оңғалиев, Атыраубай Аяғанов, А.Нұрғалиев, Байжанов, Боньолов, т.б. болды. Ұңғыдан атылған мұнай тәуліктің өнімі 400 тоннаға дейін жетті.

Сөйтіп, бұл қуанышты хабар дүние жүзін дүр сілкіндіріп, қиярда жатқан Маңғыстау түбегіндегі мұнай қорының ашылғаны және оны игеру кезеңі басталғаны бүкіл әлемге паш етті. Ел құлағын еден еткізген ерекше оқиға жөнінде Кенестер Одағындағы бүкіл радиолар мен телеарналар сүйінші сұрап, республикалық, одақтық баспасымдар ғана емес, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары да жарыса жазып жатты. Бұл күн бұдан былай Бұрғышылар күні болып белгіленді. Осынау ұлы оқиға Маңғыстау өлкесі өмірбаянының жаңа, жарқын беттерінің ашылғанының белгісі болды. Осыдан кейін аймақтың өнеркәсібін кең көлемде игеру басталды.

Маңғыстау мұнай эпопеясының бастау-бұлағы болған Жетібай мұнай-газ конденсат кені ашылған соң 1965 жылдың 13 ақпанында КСРО Мемлекеттік қор комитеті Жетібай кен орнындағы мұнай қорын ресми түрде бекітті. Ол бойынша кен орнының геологиялық қоры 375 миллион 653 мың тонна деп есептелді.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 11 мамырдағы №750-Р қаулысына орай шығарылған «Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1966 жылғы 27 мамыр күнгі №183/П бұйрығымен «Жетібайнефть» мұнай кәсіпшілігі басқармасы құрылды. Басқарма бастығы Сағдолола Нұржанов, бас инженері Сусын Қалжанов, бас геологы Бекен Әліев болды. Сол жылдың 30 желтоқсанында Жетібай кен орнындағы үш ұңғы мұнай өндіруді бастады да, кеңіш өнеркәсіптік пайдалануға берілді. 1967 жылы 1 қаңтарда Жетібай кен орнында ең бірінші болып салынған 14 ұңғыдан тұратын №8 топтық қандырғы түгел пайдалануға берілді. Бұл топтық қандырғының жұмысын Ембіден келген көнігі мұнайшы Хайролла Әреулы Исханғалиев басқарды.

Жетібайдан мұнайын тұңғыш өндіруге тікелей атсалысқандардың қатарында операторлар Қаныш Қалиев, Узақбай Ғабдолов, Қожағали Тәжіғұлов, Сарбас



Таласбаев, Мария Семеновна Тюрина, Владимир Пылан, Люся Пылан, механик Көрмi Өтебаев, электрi газбен пiсiрушi Н.Батаев, темiр пiсiрушi Валерий Горбатов, слесарь Б.Козлов, шебер Салим Мендiгалиев, т.б. болды. Осы жылы кен алапынан 139 мың тонна мұнай өндiрiлiп, мемлекетке тапсырылды.

Жетiбай мұнайының өндiрiсiн ұйымдастыруға атсалысқан алғашқы буын өкiлдерi: бас энергетик Аймұхан Таужанов, бас механик Геннадий Иванович Пономарев, кен орнын игеру шеберi Қадi Өтегенов, ауысым шеберi Iзгара Таласбаев, ұңғыларды игеру цехының шеберi Сарадин Рақымбердиев, әуелi шебер, артынан бөлiмше шеберi, кейiн үлкен қоғам қайраткерiне айналған Сайын Нәдiрұлы Шапағатов, бөлiмше бастығы Бақытжан Қазиев, орталық инженерлiк-технологиялық қызметтiң бастығы Александр Захарович Юрченко, осы қызметтiң аға инженерi Петр Сергеевич Чеснаков, геолог Жақсылық Ұзақбаев, ұңғыларды игеру цехының бастығы Федор Григорьевич Наговицин, осы цехтың аға механигi Аманторе Сармысов, құрылыс инженерi Фатима Батықова, құрылыс шеберi Қуантқан Сәтiмов, оператор, шебер, өндiрiстiк-техникалық бөлiмшiң аға инженерлерi Мұратбай Жақсығатов, Майлаш Есбергенов, ұңғыларды игеру цехының геологы Амангелдi Тастығараев, геолог Қуаныш Сисенбаев, ұңғыларды игеру цехының шеберi Боранбай Әлiмұханбетов, шеберлер Сәтжан (Шандыбай) Өтесiнов, Бөгембай Қожықов, Амангелдi Өрбiсiнов, Ким Асқадiтұлы Қорпешов, операторлар Бәтiн Өткiлбаева, Ж.Қарақонаков, т.б. едi.

Горюнов, Әнес Бүркiтбаев, Табын Оржанов, Мақсат Борамбаев, Жақсылық Жанғазиев, Осман Есенгенов, Максим Сабуғалиев, Хожалепес Елеусинов, Абай Қуванов, Бақыт Иманбаев, Сағидолла Бижанов, Болат Сейiтмағiбетов, т.б. бастылық еттi. Басқарманың қазiргi бастығы – Жолдасбек Ешманов. Бұл азаматтардың iшiнде өзiнiң айрықша қасиеттерiмен дараланған Бақыт Алтайұлы Иманбаев бүгiнде «Манғыстаумұнайғаз» акционерлiк қоғамының бас директоры болып, алып кәсiпорынды басқарып отыр.

Еңбек майданында ерекше көзге түскен Хайролла Ихсанғалиев, Раиса Молдабаева, Боранбай Әлiмұханбетов, Бағзы Қарамүрзиев, Жайман Таспаев, Баляш Елбаева, Павел Авгарович Дзагоев, Таңбай Алпысбаев, Исиф Ермолицкий, Төлөгес Күлшабаев, Сенбiгали Матаев, Аманкөс Тайпаков, Ыбырай Құттыбаев, Қонақбай Күзекенов, Мұрат Жұмаев, Жарылғас



Нұрғалиев, Бердекен Ешин, Татьяна Ткаченко, Қалымбай Өтебаев, Шолпан Жубанизова, Жұмахан Алағозов сияқты еңбек озаттары кәсiпорының даңқын шығарып, атағын аспандатты.

Жетiбай мұнайын игеруде ұзақ жылдар бойы еңбек етiп, тер төккен мұнайшылардың қатарында кейбiрi өмiрiнiң соңына дейiн, көпшiлiгi құрметтi еңбек демалысына шыққанға дейiн жұмыс жасаған өндiрiс бастылары Ж.С.Ұзақбаев, М.Жақсығатов, Ұ.Н.Құтжанов, операторлар О.Балмүрзиев, Ж.Байжауынова, С.Нұрхасанова, Т.Мекенова, Ұ.Ұлымбетова, Қ.Сарқұлов, Т.Богағараев, өтпен пiсiрушi М.Б.Дәулетов, электрiк А.Танауов, Б.Өткелбаева, А.Д.Захаровтардың аттары аталады. Олардың соңына ала 1970-жылдары өндiрiске келген операторлар С.Қуантқанов, К.Омарова, Н.К.Булатова, т.б. кен орнының игеруiне үлкен үлес қосты.

Бүгiнгi таңда Жетiбай мұнай-газ өндiру басқармасында 2200-дей адам жұмыс iстейдi. Бiрiнгi жарасқан тату ұжым, бiлiктi қорында мен өз iсiнiң шеберлерi, көсiмi қызметкерлер еңбек ететiн басқарма ұжымы мұнай өндiру көлемiн жылдан жылға арттырып келедi.

Ретi келгенде айта кету керек, осындай дабысы бөлек даңқты кен орнындары бар «Манғыстаумұнайғаз» акционерлiк қоғамы осы өлкенiң дамуы мен кемелдешетiн үшiн қолынан келгенiн аянып қалған емес. Компания Елбасымыздың жүргiзiп отырған сара саясаты Манғыстау облысында жүрiсiп тұрған жүзеге асуына барыныша қолдау көрсетiп келедi. Өткен 2015 жылы бұл бағытта қыруар игiлiктi iстер тындырылды. Атап айтқанда, Манғыстау облысына және Ақтау қаласына әлеуметтiк қолдау көрсету үшiн 300 млн. теңге қаржылай бөлiнсе, оның iшiнде облыс бойынша маңызды әлеуметтiк жобаға – «Манғыстаудың дамуына үлес: тiкелей шетелдiк инвестицияларды қарқынды және есен беру арқылы қол жеткiздi жақсарту» әлеуметтiк жобасына 172 млн. теңге бөлiндi. Жалпы, соңғы бес жылда «Манғыстау-

мұнайғаз» акционерлiк қоғамы тарапынан өндiрiс әлеуметтiк-экономикалық дамуына 8 млрд. 245 млн.-нан астам теңге бөлiнгенiн атап айтуымыз керек.

Компания қаражатының есебiнен өнiрде қаншама мектептер мен спорт алаңдары, мәдени-әлеуметтiк нысандар, жаңа жолдар салынды, тарихи ескерткiштердi жөндеу жұмыстары жүргiзiлдi.

Акционерлiк қоғам облыстың елдi мекендерiн қолдау мақсатында демеушiлiк көрсету жұмыстарын жыл сайын жалғастырып келедi. Атап айтқанда, Маңғыстау және Қаракия аудандарына өткен жылы 78 млн. теңге қаржылай көмек көрсетiлдi.

Әлеуметтiк жауапкершiлiк компанияның дамуындағы маңызды стратегиялық бағыттардың бiрi болып табылады. Бұл ретте бiз 2015 жылы қазақстандық тәуарларды, жұмыстарды және қызметтердi сатып алуы тиiсiнше 35, 70 және 90 пайыз көлемiнде қамтыдық.

Кәсiпорын орқашанда жергiлiктi тәуар өндiрушiлердiң өнiмдерi мен қызметiн дамытуға қолдау танытып отырады. Осы мақсатта өткен 2015 жылы жергiлiктi ауыл шаруашылық өндiрушiлерiмен 547 млн. теңге сомасындағы меморандумға қол қойдық. Осылайша компания жұмысшылары тұтынып ет және сүт өнiмдерi тек қана маңғыстаулық фермерлерден сатып алынып келедi.

«Манғыстаумұнайғаз» акционерлiк қоғамының басшылығы өлкедегi туризм мен спорттың дамуына да зор үлес қосып келедi. Компания «Манғыстау облысының бокс федерациясы» қоғамдық бiрлестiгiне жарыстарды өткiзу үшiн және жас спортшылардың әртүрлi республикалық жарыстарға қатысуы үшiн 60 млн. теңге қаржы бөлдi.

Бiлiмдi маман, бiлiктi кадр, жалпы, адам ресурсы – компанияның басты байлығы болып табылады. Кәсiпорын басшылығы бұл гуманистiк бағытынан ешқашанда айныған емес. Сол себептi 2015 жылға жұмысшы-қызметкерлердiң балаларын оқыту үшiн 53 млн. 500 мың теңге қаражат бөлiндi. Сонымен бiрге жұмысшы-қызметкерлердiң де мiндеттi оқуын, мамандардың бiлiктiлiгiн арттыруын, ҚХР-мен өзара тәжiрiбе алмасу сияқты оқуларын да жiтi қадағалап, арнайы қаржыландырып келедi.

Ұжымдық келiсiмшарт бойынша 2015 жылы «Манғыстаумұнайғаз» АҚ-ның жұмысшы-қызметкерлерiне 243 млн. теңге көлемiнде материалдық көмек берiлсе, соның 67 млн. теңгесi зейнеткерлiктегi қызметкерлерге жәрдем ретiнде жұмсалды. Ұлы Женiстiң 70 жылдығы қарсаңында көптеген ардагерлердiң үйлерiне күрделi жөндеулер жасалды. Қоғам жұмысшыларының отбасында сәбiлдi болғандарына, төрт және одан да көп балалы отбасына, мүгедек бала тәрбиелеп отырған жұмысшы-қызметкерлерге, отбасында жақын туысы қайтыс болғандарға берiлетiн қаржылай көмектерi бар. Жаз мезгiлiнде жұмысшы-қызметкерлердiң 1700-ден астам балалары Қазақстан мен Ресейдiң жазғы сауықтыру демалыс орындарында демалды. Сонымен қатар компанияда жалақы мен тоқсандық сыйақылардың төмендеуi, қызметкерлердiң қысқартылуы болған жоқ. Қазiргi таңдағы дағдарыс қиындықтарына да, ештеңеге де қарамастан, Ұжымдық шарт бойынша мiндеттемелер орындалуда.

Қазiргi таңда құрамында iрiпi-уақыты 14 кеншi бар Жетiбай кен орнының әуел бастағы игерiлетiн мұнай қоры 166 413 мың тонна болса, күнi бүгiнге дейiн соның 90 900 мың тоннасы игерiлдi. Бұл – 2016 жылдың 1 қаңтарындағы мәлiмет. Демек, әлi де қара жердiң қойнауында 75 513 мың тонна «қара алтын» қоры бар деген сөз.

Үстiмiздегi жылдың 1 жарты жылдығының қорытындысы бойынша өндiрiлуге тиiстi 1 073 285 тоннаның орнына 1 089 463 тонна мұнай өндiрiлдi, межеленген жерде 16 178 тоннаға артығымен орындалды. Мемлекетке 1 085 729 тонна мұнай тапсырылды. Бұл көрсеткiш жоспарланған 1 068 557 тоннадан 17 172 тоннаға артық.

Осының барлығы – «Жетiбаймұнайғаз» өндiрiстiк бiрлестiгiнiң жарты газырық торқалы тойларына, Тәуелсiз Қазақстан Республикасының құрылғанына 25 жыл толған мерейлi мерекеге лайықты тартулармен келiп отырғанының айқын айғағы, даусыз дәлелi. Алдағы уақытта да бұл ұйымшыл ұжымның осылай асқаралы асуларды бағындырып, асқақ биiктерден көрiне берерiне күмән жоқ.

Рахат ҚОСБАРМАҚ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесi

Жыр жазамын жүрегімнен...



ЖАҚСЫЛЫҚ САРЫ,
мұнайшы-зейнеткер

Мұнайшы

*Носерлі жауын астында,
Қалса да суға малышының.
Бастаған ісін тастамай,
Салық соғып алқының.*

*Шыжыған ыстық аптапта,
Маңдайдан тері соралап,
Төбені тесер күнінен тек,
Көзін ғана қорғалап.*

*Қачалқаларды жүр тексеріп,
Сквасиналарды аралап.
Ақауын жөнідеп, тезірек,
Кем кетісін саралап.*

*Блқырық суық аязда,
Бет қаратпас боранда,
Мұнайын жүр қар кешіп,
Омбылып қалар қоян да.*

*Дулығасындай батырдың,
Басындағы тымағы.
Бес қаруындай сабаздың,
Алып жүрген құрағы.*

*Жері үшін жан қиған,
Балалардың ұрпағы.
Солардан қалған тұяқтың,
Кейінгі қалар жұрнағы.*

*Еңбектің майдан шебінде,
Алдыңғы саптан орын ап,
Қуш-қуатын Отанның,
Еселеп жүр қорғалап.*

Сағыныш

*Талай жыл жұтқам ауаңды,
Жетібай өкпем, жүрегім.
Зейнеткерлікке шықсам да,
Сағынып сені жүремім.*

*Шілдеде ыстық аптапта,
Қара тер төккен күндер-ай.
Үскірік, суық аязда,
Тоңазып өткен түндер-ай.*

*Өзіңмен өткен қызуым,
Өзіңде кеткен жылуым.
Демалып біздер жатырмыз,
Жоқ бірақ сенің тынымым.*

*55 ердің жасындай,
Көркейе берші жасымай,
Мұнай берер ерлерің,
Найзағай ойнар жасындай.*

*Кезтегі бейрек соларға,
Ұтмылдар деп тек алға.
Қазына толы қойнауың,
Сенен артық жер бар ма?!*

*Нық басып тұрған жеріңде,
Тәуелсіз қазақ еліңде,
Жетібайым сенемің
Берерің мол деп еліме!*



Репортаж

ҚОЙНАУЫ ҚҰТ ҚАЛАМҚАС

Биыл Маңғыстау мұнайына 55 жыл. 1961 жылы қазыналы түбек қойнауынан «қара алтын» қайнарының көзі ашылды. Араға он жылдан аса уақыт салып Қаламқас кен орнынан қуатты мұнай бұрқағы атқылды. Атауды мерекеге орай Қаламқас кенорнында мұнайшылар мейрамы тойланды.



Дүбірлі думан басталысымен, «Ойл Сервис Компани» мекемесі қызметкері Әсет Нұрсебепов «Самға» әнімен сахна пердесін түріп, көрермен көңілін серпілтіп. «Қаламқас» вокалды-аспапты ансамблі «Маңғыстау», «Кел билейсің», «Сыйлаймын саған» әндерін әулетіп, тыңдарманды ерекше бөледі. Көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, керез көкіремінен еліткен Елена Әбдіхалықова елді әуезді үн, әсерлі сазымен баурады. Көңілді мереке куәсі болған еңбеккер қауымға Маңғыстау ауданының басшысы Жармағамбет Айтуаров құттықтау сөз арнады.

Маңғыстау ауданы үшін мұнайшылардың еңбегі зор. Аудан бюджетінің қалыптасуы мен толығына оң ықпал етуде. Мұнай саласы қызметкерлері ауданның әлеуметтік-экономикалық орлеуіне елеулі үлес қосуда. Мал өнімін өткізу біз үшін маңызды мәселенің бірі. Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-мен келіссөз нәтижесінде жергілікті «Қиуақ Шопан» ЖШС аталмыш мекеме 50 тонна ет өнімін тапсырды. «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасы қызметкерлері Маңғыстау ауданы елді мекендерінде мүжәлісі отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетуде, тазалық айлығында арнайы техникалық құрал-жабдықтармен қамтуда белсенділік танытып келеді. Алдағы уақытта

кешенді жұмыстар мен игі істер атқарыла беруді деген сенім мол. Қойнауына құт қонған жерімздің ырысы мен берекесі – қара алтынмыз таусылмасын, – деген аудан басшысы бірқатар белсенді қызметкерлерге алғыс хаттар табыстады.

Мерекелік салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев мұнай-газ саласы мамандарының төл мерекесімен құттықтап, ыстық лебізін білдірді:



– Қаламқас кен орны – өте киелі орын. Өйткені осы маңда ашаршылық жұт жайлаған жылдары ел қамын жеген Қаламқас әулие жерленген. Қаламқас келешегі кемел кәсіпшілік. Бұл жерде жылына 4 миллион 200 текше метр мұнай өндіріледі. Үсікір аяз, алпап ыстықта аянбай тер төккен мұнайшылардың еселі еңбегіне бас иеміз. Өндірісте жаңа технологиялар мен әдістерді қолданғысыз енуі нәтижесінде 53 мың тонна артық мұнай өндірілді. Қаламқас кен орнында электр қуатын үнемдеу, өндіріс өнімділігін арттыру, қызметкерлердің әлеуметтік қамту бағытында жаңа жобалар мен тың бастамалар қолға алынды. Бүгінгі

мерекеде ортаны толтырып отырған Қаламқас кен орнында табанды еңбек еткен ардагерлерге құрметіміз шексіз.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Пәй Цзяньшэн мұнай саласына еңбегі сіңген ардагерлер мен қызметтес әріптестеріне алғысын жеткізді. Қазак мұнайы казак елінің игілігіне қызмет ететіндігін ескерген басын үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіретін, тарихын тереңнен танып, ұлттық құндылықтарын ұлықтайтын халықтың болашағы жарқын екендігін тілге тиек етті. Мұнай саласы еңбеккерлері осы қарқыннан танбай, қызмет қылса, өнеркәсіптің қадамы қарышты, жұмысы табысты боларына сенім білдірді. Қос басы ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен Ром Садуақасовты, «Самұрық Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен Майрам Садақбаевты, «ҚазмұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Құрмет грамотасымен Саясат Мейіровты және т.б. марапаттады.

Қаламқас кен орнында бой көтерген ақпашан үйлер ақмаржан Ақтаудан ат арытып жеткен ардагер ақсақалдар, құрметті қонақтарға толды. Ақ дастархан жайылып, меймандар мерекелі мәзірден дәм татты. Ақсақалдарға төрден орнын беріліп, халыққа табақ тартылып, қазақы сый-сияпат көрсетілді. Айбек Жұрымбаевтың домбыра көмейінен төккен күй күмбірі киіз үйді кернеп, әсем саз әуелді.

Ардагер-мұнайшы Көшербай Әлібаев – Маңғыстау мұнайын алғаш игергендердің бірі. Еңбек жолын 1957 жылы Қызанға жабық Имағамбет жерінде бастайды. Тағдыры «қара алтынмен» тоғысып, бар жұмыры осы саламен біте қанашпан абыз ардагер алғашқы еңбек жолын сағынышпен еске алады:

–1977-78 жылдары Қаламқасқа жұмыс бабымен ауыстым. Өрі құрылысы, әрі бұрғылаушы, әрі мұнайшы ретінде еңбек еттім. Өндіріс жұмысын бастап, әрі қарай алып кету өте қиын. Кейін келе топтық қондырғылар



құрыла бастады. Халық қарасы көбейді. Өндіріс басы осынлайша басталды. Мұнайшы еңбегі көзге білмейді. Білгір маман құбыр ішінде айдалған мұнай қысымын, көлемі мен құрамын құлағымен тын тындау арқылы біле алады. Нағыз мұнайшы болу үшін еселі еңбек, зор ықпалас әрі темірдей тәртіп керек, -дейді ардагер мұнайшы.

Қаламқас кен орнында қазіргі таңда 1560-қа жуық қызметкер еңбек етеді. Жұмыскерлер жоғары құрметпен асыра жұмыс жасап, өндіріс орнының еңбек өнімділігін еселейтін тусеуде.

–Сегіз айдың көрсеткіші бойынша 2 млн 734 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл әрине белгіленген межеден біршама артық. Мұнайды тапсыру межесі жоғары деңгейде орындалып келеді. Қаламқас кен орны қызметкерлеріне жан-жақты жағдай жасалған. Жатақханалар қысы-жазы қатар ыстық және суық сумен жабдықталған. Мезгілді тамақтану үшін ұйымдастырылған. Еңбеккерлер спортпен айналысу мүмкіндігіне ие. Қаламқас кен орнында қызмет ететін мұнайшылардың 30 пайызын жастар жағы құрайды. Бұл әрине оң үрдіс, - дейді «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаев.

Мұнай-газ кешені – елі экономикасы мен өнеркәсіп өркендеуінің өзегі. Алпауыт компания табысы еңбек ардагерлері мен табанды қызмет етіп жүрген, ісіне бекем, кәсібіне адал жұмыскерлердің ортақ нәтижесі. Білікті қызметкерлердің ерен еңбегі, қажырлы қайраты нәтижесінде іргелі компания ісі бүгінде ілгерілеу үстінде. Болашақта «қара алтын» селін өндіру саласындағы өркенді өзгерістер мен жаңғырлау, жасампаз істер жарасымды жалғасын таппақ.

Үздік маман - 2016

Үстеміздегі жылдың II мен III шілдесінде аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Жетібай мұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармалары арасында «Үздік маман» кәсіби біліктілік байқауы өтті. 2005 жылдан бастау алып, дәстүрге айналған бұл сайысқа мұнайшылар белсене қатысты. Компаниядағы еңбек адамдарының мәртебесін өсіріп, әлеуметтік-бәсекелестікті дамытуға бағытталған шара «Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлері мерекесі» аясында қорытындыланады.



Байқауға қатысушылар өз саласы бойынша жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атану үшін ерекше шеберлік танытып, біліктілік сандықтарды. Мамандар сайысында әділқазылар алқасы қатысушылардың көпқабатты техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін ұстануына, тәжірибелік тапсырмаларды орындау уақыты мен сапасына, теориялық дайындық деңгейіне ерекше көңіл бөлді.

Байқаудың мақсаты жұмысшы мамандардың еңбекке деген құшынсын арттыру, үздік тәжірибені баршамен бөлісу, кәсіби біліктілікті жетілдіріп, теориялық дайындық деңгейін көтеру және корпоративтік



Сапарқұл Тұржанов



Жаннат Өметов



Нұрбек Томпиев



Аманбек Төлеубеков



Асхат Қазиев

рухты күшейту болып табылады. Жалпы бұл сайыс екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі компания ішінде өтті. Бірінші орын алған жеңімпаздар «Қазмұнайгаз» ҰҚ» акционерлік қоғамы өткізетін екінші кезеңге жолдама алып отыр, - деді қызметкерлерді бағалау бөлімінің бастығы Гүлнар Жұбанзарова.

Теориялық және тәжірибелік тапсырмаларды орындаудың қортындылары бойынша электррозбел дәнекерлеушілер арасында:

1-орынды бас механик бөлімінің орталық өндірістік қызмет көрсету қызметі жөндеу-механикалық бөлімшесінің бесінші дәрежелі электррозбел дәнекерлеушісі Сапарқұл Тұржанов;

2-орынды бас механик бөлімінің орталық өндірістік қызмет көрсету қызметі мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын сервистік қамту учаскесі «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы бесінші дәрежелі электррозбел дәнекерлеушісі Рахман Құдайбергенов;

3-орынды бас механикалық бөлімінің орталық өндірістік қызмет көрсету қызметі жөндеу-механикалық бөлімшесінің бесінші дәрежелі электррозбел дәнекерлеушісі Еламан Рақашов алды.

Слесарь-жөндеушілер арасында:

1-орын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі жөндеуші-слесарі Жаннат Өметовке;

ЕҢБЕК ЕТКЕННІҢ ІСІ ОҢ

2-орын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехының 3 дәрежелі жөндеуші-слесарі Кеңжебек Оңғалиевке;

3-орын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы кешенді мұнай дайындау және өткізу цехына қарасты алдын ала су айыру қондырғысының 4-ші дәрежелі технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарі Айту Мұхатаевқа бұйырса, операторлар арасында мұнай және газ өндіру жөніндегі үздік оператор бойынша:

1-орынды «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехының 3 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы Нұрбек Томпиев;

2-орын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы Саламат Табылғанов;

3-орын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы Асылбек Иманғазиев алды.

Қабат қысымын ұстау жөніндегі оператор аталымы бойынша:

1-орынға «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы қабат қысымын ұстау цехының 4 дәрежелі қабат қысымын ұстау операторы Аманбек Төлеубеков;

2-орын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы қабат қысымын ұстау цехының 4 дәрежелі қабат қысымын ұстау операторы Мұрабек Сүйеңі;

3-орын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы қабат қысымын ұстау цехының 4 дәрежелі қабат қысымын ұстау операторы Серібол Оразбек не болды.

Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы арасында:

1-орынды «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстары цехының терең зерттеулер лабораториясының 3 дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Асхат Қазиев;

2-орынды «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстары цехының мұнай өндіріс зерттеулері ғылыми-зерттеу лабораториясының 3 дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Батырбек Қошбаев;

3-орынды «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстары цехының мұнай өндіріс зерттеулері ғылыми-зерттеу лабораториясының 3 дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Ерлан Қалбаев алды.

Бес кәсіп түрі бойынша барлығы 92 адам қатысқан сайыс қортындысында жүзден асқан 1, 2, 3-орын жеңімпаздарына айлық жалақы мөлшеріне бір жыл бойы 30, 20, 10 пайыз көлемінде қосымша ақы төленеді.

Әріптестер құттықтауы

Айбының аса берсін, Жетібай!



И.Жаксымбетов «Oil Construction Company» ЖШС директоры

Құрметті Жетібайлық мұнайшылар!

Сіздерді Маңғыстау мұнай тарихының басталғанына 55 жыл, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Өлкеміздегі «қара алтын» бұлағының көзі ашылғаннан бері Сіздер өлшеусіз ерлік еңбектеріңізбен ел қазынасын арттырып келесіздер. Қазақстан мұнайының әлемдік нарыққа шығып, өз орнын алуындағы үлестеріңіз сүбелі. Дүние жүзі экономикасындағы қиыншылықтарға қарамастан жедел деңгейде түспей, халық игілігіне жасаған қызметтеріңіз биіктен көрінуде.

Маңғыстауда алғашқы мұнараларды құрастырудан бастап, кен орындарды жайластырумен айналысып келе жатқан біздің компанияның Сіздермен алға мақсаты да, ұстанған бағыты да бір болғандықтан жұмылған жұдырқайтай ынтымақтастық, түсіністік пен іскері серіктестік жағдайында көп жылдан бері тұрақты осу мен қарқынды даму жолында бірге ұтымды еңбек етіп келеміз.

Алдағы уақытта да еңбек екіпін еселеп, Жетібайлықтардың даңқын асырып, егемен еліміздің өсіп, өркендеуі жолында жана жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін. Баршаңызға мұқалмас күш-қуат, таусылмас табыс, отбасыларыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін!



Б.Батырғалиев, «Oil Services Company» ЖШС директоры

Төл мереке құтты болсын, мұнайшылар!

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы Жарлығына сәйкес

мұнай-газ кешенінің қызметкерлері өздерінің төл мерекелерін рәсім түрде қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде атап өтеді.

Бұл - мемлекет алдына қойған стратегиялық тапсырмаларды жоқары және жауапты түрде жүзеге асырып келе жатқан мыңдаған еңбеккерлердің мерекесі.

Был мұнайшылар үшін мерейлі жыл. Өйткені Жетібай кен орнының ашылуының 55 жылдығы мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жылдық мерейтойлары мұнайшылардың кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келіп отыр.

Маңғыстау түбегінің атын әлемге әйгі етіп, тұрмысымызды түзген шикізаттың шежіресі соная 1961

жылдың 5 шілдесінен бастау алғаны белгілі. Жетібай кенорнында мұнайдың алғашқы тамшысы тамған сәттен бастап «қара алтынның» тасқыны эсте толастаған емес. Елу бес жылдан бері Маңғыстау өңірінің ғана емес, бүкіл Қазақстан елінің ырысына айналған байлықтың көзін ашып, өндірістің өрісін кеңейткен майталман мұнайшылар еңбек дәстүрі мен ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырды.

Біздің «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Ел еңесіні тік ұстауға мұнай-газ саласының қосар үлесі ауқымды болғандықтан, бізге артылып отырған үміт те, жауапкершілік те үлкен. Жана кен орындарын барлау, өндіру, ашу және игеру, халықаралық рыноктарға шығу, осындай ұшан-теңіз байлықты игеру – біздің маңдайымызға жазылған, еншімізге тиген аман.

Біздің міндетіміз – барған сайын кеңейіп келе жатқан мұнай қожжигені ел мүддесіне, мұқтажына жарату.

Кезінде аға бұуынның салып кеткен ізінен жанылмай, олардың өнегелі істерін, дәстүрлерін, еңбек жолдарын абыроймен жалғастырып, теңдессіз алып кеніштерді игеріп жатқан барлық мұнайшыларға зор денсаулық, баянды бақыт және ұзақ өмір, еліміздің ертені жолындағы еңбектеріне жана жетістіктер тілеймін.



Б.К. Ахбелов «Oйл Транспор Корпорейшн» ЖШС директоры

Құрметті әріптестер!

Мұнайшылардың төл мерекесі «Мұнайгаз кешені қызметкерлерінің күні» мерекесімен «Oйл Транспор Корпорейшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймын.

Былғы жыл Маңғыстау мұнайшылары үшін атаулы жыл - Жетібай кен орнында алғаш мұнай бұрқағының атқылап, Маңғыстау жерін әлемге паш еткеніне 55 жыл, сондай-ақ «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының құрылып, еліміздің экономикасын көтеруде үздіксіз еңбек етіп, өз үлесін қосқанына да 50 жыл толып отыр. Бұл мерекенің Еліміз тәуелсіздігінің 25 жылдығымен тұспа-тұс келуі де мерейлі үстемдегі түседі.

Мұнай өндіруші мекемелерге сервистік қызмет көрсету арқылы, мұнайшылармен қоия-қолтық араласа отырып, алға қойған мақсатымыз бен ұстанған бағытымыз бір болғандықтан, бұл мерекелердің де біз үшін орны ерекше. Осындай қуанышты күндерде Сіздерге зор денсаулық, амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер, мол табыстар тілеймін.

Сіздерге Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және де мұнай игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіремін.

Бойларыңызға сарқылмас күш-қуат, еңбектеріңізге таусылмас жетістік, отбасыларыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін!

Маңғыстаудың мұнай фонтаны



А. Н. Умбеталиин «Мұнайтелеком» ЖШС директоры

Қазналы Маңғыстаудай өлкемізде бүгінде кең қанат жайған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының даму тарихы, бүкіл облыстың индустриялы өркендетілуі ең әуелі осы жетекші қасиорыннан басталады. Ең әуелі Қарашуңгілден алғаш мұнайдың ашылуы, одан соң іле Доссор мен Мақат кен орындарының өмірге келуі Қазақстанның болашақ экономикалық әлеуетін танытқан болатын.

Маңғыстау мұнай тұрғын халыққа ерте кезден белгілі болып, зерттеушілердің назарын аударып келгенді. Осыдан жарты ғасыр бұрын

Жетібайдағы Неб ұңғыда мол мұнай көзінің ашылуы туған жеріміздің, республикамыздың атақ-даңқын аскақатта түскен аса маңызды оқиға болды. Ұңғыдан атқылған мұнайдың тәуліктік өнімі бірнеше жүздеген тоннаға дейін жетіп, республикамыздың мұнай өнеркәсібінде бұрын ұзақ жылдар ішінде кездеспеген аса жоғарғы көрсеткіш еді. Міне осыған ілесе Қарамандыбас, Тенге, Тасболат, Асар, Қаламқас, Қаражаңбас секілді бірнешеулеген кеніштер ашылып, Маңғыстауда жана дәуір - мұнай индустриясының қарқын алған дәуірі басталып кетті. Өлкеміздің мол мұнай республикамыздың экономикасына жана тыныс, үлкен серпін берсе, негізінен мал, балық шаруашылықтарымен айналысқан маңғыстаулықтарға жана өмірдің қарқынды лебін алып келді, оны өркендетіп тын үрдістеріне жеткізді. Көп ұзамай өлкеде жана қалалар мен кентер өмірге келіп, зауыт, фабрикалар бой көтерді, өнеркәсіптік құрылыс мекемелері ұйымдастырылып, теміржол торабы, мыңдаған шақырым автомобиль жолдары, мұнай-газ құбырлары төселді. Осы жетістіктердің бәрі Маңғыстау мұнайын игерудің алғашқы ауыр жылдарында абыроймен еңбек еткен аға буын өкілдерінің, бір мұрақта жұмыла жүріп, «қара алтынның» даңқын іскеріңіздің аскақатта білгендігінің арқасында. Бүгінгі дәулетті, сәулетті өмір үшін қиыншылықтарға қарамастан, маңдай терлерін төгіп, ғұмырларын сарп еткен сол аға буын ардагерлерімізге кейінгі ерін келе жатырған, осы салада еңбек етіп жүрген іні-ізабарларымызды айтар алғысы шексіз.

Бүгінде 50 жылдық торқалы тойын тойлағалы отырған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы ұжымына кен орындарды сенімді байланыспен қамтамасыз етіп келе жатырған, қазіргі заманғы озық байланыс құралдарымен жабдықталған, биылғы жылы жарты ғасыр тағалы отырған біздің «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіміздің директоры Абай Нариманұлы Умбеталиин:

«Еліміздің экономикасын қарышты дамытуда өзіңдік үлесін қосып, мұнай тарихындағы өзіндік таңбасын қалдырып келе жатырған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшылары мен қызметкерлерін жарты ғасырлық мерейтойларымен құттықтаймын! Мұнай игерудегі ұланғайыр еңбектеріңізге таусылмас табыс, сарқылмас бақыт, ақуасыз денсаулық, жанұяларыңызда береке болсын! Баянды болашағымыздың жолындағы атқарып жүрген абыройлы істеріңізге сәттілік, жана серпін, сенімді кадам тілеймін! - деп өзінің жылы лебізін мен құттықтайтын жеткізеді.

Мұндай, «Маңғыстаудың мұнай фонтаны» деп аталып кеткен, ел өміріне түбегейлі өзгеріс әкелген, Қазақстан мұнайының тарихына алтын әріппен жазылған бұл тамаша оқиға ешқанда да ұмытылмас емес!

«Мұнайтелеком» ЖШС Құлмұрынова Б.К.

Бабалар жүрген ізбенен...

Маңғыстау деген ғаламат, жас ұрпақ саған аманат...

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы "Тарихи - мәдени ескерткіштерге қоғамдық қамқоршылықты бекіту туралы" қаулысына сай, 12 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандар Кеңесінің бастамасымен Маңғыстау мұнайының 55 жылдығы мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығына арналған өлкетану саяхаты ұйымдастырылды. Шараға Компанияның әртүрлі жастағы алғысы жауық қызметкері қатысып, көнеңі көзі саналатын Сисем-ата қорымы басында тазалық жұмыстарын жүргізіп, қорымды өрт қауіпін тудырып тұрған қураған шоптен арылу жұмыстары жүргізілді. Негізгі мақсат өлкеміздің басты тарихи-мәдени жәдігері саналатын қорым басында сенбілік жүргізу болса да, бұл саяхат барлығымыз үшін туған өлке жөнінде тың ақпаратпен сусындап, жер көріп, ел таңудың таптырмас мүмкіндігі болды. Өйткені Сисем-ата қорымы - өлкені мекендеген көшпелілердің сәулет дәстүрлері, діни дүниетанымдары, әлеуметтік-саяси даму үрдістерінен деректі мағлұмат алынатын құнды ескерткіш, Маңғыстаудағы ең ірі және ежелгі қорымдардың бірі. Бұл қорым дәстүрлі діни-мемориалдық сәулет және таңдеу өнерінің озық үлгілері топталған ерекше кешен. Маңғыстау және Үстірт өңіріне таң Сисем-ата қорымы аймақтағы ежелгі қорымдардың арасында сақталу деңгейімен ерекше. Діни-мемориалдық кешенінде тас ою өнерінің алуан түрлері кешінен шоғырланған. Зәулім күмбездардың қасындағы қарапайым тас белгілер, үйінділер жанында - өсем ою-өрнекпен нақышталған, сапқа тұрғызылған құлпытастар қорымының сәулет ансамблінің қайталанбас келбетін қалыптастырды. Ел аузындағы аңыз бойынша Сисем ата - орта ғасырларда оғыз-қыпшақ кезеңінде өмір сүрген ислам діні алғашқы уағыздаушылардың бірі.

Маңызды сапарға Компания қызметкерлерімен қатар «Парасат» орденінің иегері, мәдениет және өнер қайраткері, архитектор, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруші

Мақсұт Сұлтанұлы Нұрбабаев та барған болатын. Сапардың ұзартығына, жолдың қиындығына қарамастан зияратшылар көшіп бастап шыққан ақсақал жасалған жұмысқа ең бағасын беріп:

- Жергілікті халық Сисем ата қорымын батырлар пантеоны деп атайды. Себебі мұнда Адай тайпасының асыл ұлдары, халық қаһармандары Қонай батыр Кенжеұлы, Есенұлы Сейіт би, Ырысәліұлы Жанұзақ батыр жерленген. «Сисем ата» тарихи-сәулет кешенін көптеген ғалымдар зерттеген. Жыл сайын жаз айларында қорымға мыңдаған туристер мен ғалымдар келеді. Сисем ата қорымы 1982 жылы республикалық мәртебеде мемлекеттік қорғауға алынған. Қол ұшын созған «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының қызметкерлеріне иез алғыс білдіремін. Бүгінгідей тазалық жұмыстары жиірек жүргізіліп, қорым жіті бақылауға алынса нұр үстінде нұр болар еді, - деп лебізін белдірді.

Расында да, қорым сол заманның пантеоны іспеттес. Мұнда Адай тайпасының жоғары ата аталған асылдарынан белек Төлеп батыр Өнетұлы, Жары Сүйінқара би-батыр Үргешбайұлы, Төлепұлы Мамбетнияз би-болыс, Байбоз Бокқараұлы, ру басылары Жанбозұлырау Өтеулі, Жаманқара, Матай, Өтеулі Зорбайұлы, Алайдың 3 назарының бірі Ескелді Саназар Құдайназарұлы, бай-сақи болған Бегей Дәулідір Қозыбақұлы, Сенгір Дәулідірұлы, Жарылған Сенгірұлы, Назар Жарыұлының атақты 4 баласы (Шотан батыр, Тастемір бай, Майлан, Құдайберген), Қаржау Төлекеұлы, Қожаназар бай Жаңайұлы, Өнет би Текейұлы, т.б. мәңгілік қоныс тепкен. Сол себепті, «Өлі жібімей, тірі байымас» деп аруағын адамнан артық құрметтерін халық үшін бұл жердің мәртебесі қашан да биік болып қала бермек. Қамқорлық жұмыстары да жалғасын табырына еш күнәмініз жоқ.

Тазалық жұмыстары аяқталған соң, жиналған көпшілік «садаққа» деп арнап алған малының қанын шығарып, қорымда



жатқан барша ата-бабаларымызға арнап құран оқып, сауабын бағыштады. Аға буын тарихынан жас мамандарға өсиет айтылып, халқамыздың мол тарихы мен дәстүрлерін, ырым-тыйымдарынан өзгемелер айтылып, сыр шерттілді. Жастарымыздың иманды боп жетілуі, қазақы боюын жоғалтауының маңызы бүгінгі күнде әсіресе байқалып тұр. Болашаққа деген үмітіміз бен сенімдеріміздің еш кетпеуі үшін осы іспеттес шаралардың көбірек болуын қалап, келесі жолы да міндетті түрде қатардан табылуға тырысатынымыз айтып, тұн ауа қолға шықты.

Осы орайда, сенбіліктің сәтті жүзеге асуына қолғабыс болған барлық азаматтарға, сондай-ақ ауыр техникамен қамтамасыз еткен «Нияз-Мухаммед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Нұрғол Бергенұлы Рахметұлына алғыс айтамыз. Жастардың жасаған зияраты қабыл болсын!



ЖАҚСЫ ІСТІҢ БАСЫНДА - ЖАСТАР

«АЛАУДАҒЫ» БАСҚОСУ



Тамыз айының 26-28 жұлдызы аралығында "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы жанынан құрылған жас мамандар Кеңесіне 2 жыл толуына орай, "Алау" сауықтыру орталығында жазғы танымдық лагер өтті. Лагерге "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы жастарымен қатар, өңіріміздегі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы компаниялар тобына қарасты 18 өндіріс ошағанның жас кызметкерлерін қоса алғанда алпысқа жуық жас мұнайшы қатысты. Шара елтауісіздігінің 25 жылдығына, Маңғыстау мұнайының 55 жылдығына және "Жетібаймұнайгаз" өндірістік басқармасының 50 жылдығына арнады.

Шараның басты мақсаты жас мамандардың біліктілігі мен еңбекке деген құлшынысын арттыру болып отыр. Осы мақсатта, жастар үшін, Алматы шахарынан елімізге белгілі жас кошікер, бизнес тренер – Ахат Жекжанов «Өмір мектебі» сәттілікке қол жеткізудің 5 қаламы» атты арнайы бағдарламасымен шақыртылды. Тренинг барысында жастар еңбек өнімділігін арттыру, дұрыс мақсат қою білу, жоспар құрып, оны сәтті жүзеге асырудың қыр-сырын үйреніп, пайдалы кездесер азды.

Сондай-ақ, лагер бағдарламасының аясында жас мұнайшылардың II Форумы өтті. Жастар компания және өңір басшыларымен кездесіп, соңғы бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, алдағы жылға қойылған жоспарлармен бөлісті. Форумда сөз алған Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Аманғали Нұрдуловтар жас мамандарды екі жылдық мерекесімен құттықтай отырып, өңірдегі жастар саясатын тиімді жүргізуге

қосқан үлесі үшін Маңғыстау облысы әкімі атынан белсенді жастарға марапат табыстады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелері Бақыт Иманбаев пен Пэй Цзяньшэн мырзалардың атынан, сондай-ақ Компания кәсіподақ ұйымы атынан да компанияның қоғамдық-әлеуметтік дамуына қосқан үлесі үшін бірнеше үздік кызметкерге марапаттар табыстады. Форум соңында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы тобына қарасты кәсіпорындар жас мамандар Кеңесінің төрағасы Саят Кайгелдинов:

«Осы секілді басқосулар, форумдар мен іс-шаралар жас мамандардың жетістіктері мен табыстарын, қалауы мен ұтымды ұсыныстарын басшылыққа жеткізеді. Өзі бұндай кездесулер өңбек өнімділігін арттырып, жастарды жігерлендіре түседі. Қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынасты нығаюына септігін тигізеді. Мен қонақ әрі қатысушы ретінде өз тәжірибеммен бөлісіп, өзім секілді жастармен танысқанымға қуаныштымын, - деп ризашылығын танытып, оң бағасын берді.

Екі күнге созылған байқау танымдық шарада ұлттық болмысымыздың ұмыт болмауына да үлкен назар қойылды. Оқу-ағарту шараларынан бос уақытта, жастар асық ату, лонг тебу, арқан тартудан да сынға түсті. Домбыра тартып, халық әндерін орындады. Лагердің нәтижесі бойынша жастар жұмыла жүріп жасаған жүктің жауапкершілігін сезінді, түрлі жобаларды бірігіп жасауға келісті. Біз де өз атымыздан жастардың оң бастамаларына сәттілік тілеп, әрқашан ел мен жердің мәртебесін көтеріп, елеулі еңбек жасап, ел мүддесіне қызмет ететіндеріне сенеміз. "Ағра тартпай-арман түл, намыс қумай-мақсат түл" демекші, ортақ іске ортақ ықылас танытатын жастар көп болсын.

МҰНАЙ ТАРИХЫ-БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында "Мұнай тарихы-балалар көзімен" атты сурет байқауының қорытындысы жарияланды.

Компанияда еңбек ететін барлық мұнайшылар мен қызметкерлері отбасындағы балалардың шығармашылығын дамытуға, мұнай тарихындағы елеулі қос мерекеге ұжымды жаппай қатыстыру арқылы үлес қосуға үндеуге бағытталған жоба мұнайшылар Күні қарсаңында өз мәресіне жеткен болатын. Жалпы, жыл басынан бері сурет байқауы компанияда үшінші мәрте өткізіліп отыр. Бұл компаниядағы үзілмейтін үрдіске айналған жоба.

Екі айға созылған байқау барысында аралдан жұмыстар келіп түскен. Барлық бүлдіршіндердің әсем суреттерінен бұл өлкенің табиғатын, ерлікке толы елу жылдағы кезеңдерді бала қиялы арқылы жеткізуге тырысқан талпынысты көруге болады. Жас мамандар кеңесінің төрағасы Шыңғыс Әбідровтың айтуынша, бұл жұмыстардың арасынан нақты таңдау жасау қиына соққан. Өйткені, әр туындының авторы мұнайлы өлкенің тарихын әрқалай суреттеген. Ерекссізбен жасаған ерекше суреттер де бар.

І қыркүйек күні өткен "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы басқару екішілік басқару аппараты ұжымының мерекелік салтанаты жиналысы аясында Басқарма мүшелері, Бас директор Б.А.Иманбаев пен бас директордың бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн оза шауын жүйрік шыққан қылқалам шеберлерін марапаттады.

Байқауға қатысқан 26 баланың 20-ы ынталандыру сыйлығына ие болды. Жүлделі 2-орын Альбина Сұлтанова және Тілепберген Байназарға бұйырды. 3-орынды Балжанай Нұржанова, Әлінуір Нұрлыбай өзара тең бөлісті. Байқаудың бас жүлдесін 14-жастағы Нұрдана Рахымова иеленді.



Жеңімпаздарға дипломдармен қаржылай сыйлықтар табысталды.

Нұрдана Рахымова:

«Мен бұл байқауға бұрын да қатысқанмын. "Маңғыстаумұнайгаз" компаниясының басшыларына бізге мүмкіндік жасағаны үшін үлкен алғыс айтамын. Осындай байқаулар жігірек ұйымдастырылса жақсы болар еді. Менің туындым үздік деп танылып, жеңімпаз атанғандым өте қуаныштымын.

Жаннат Мырзабаева - адам ресурстарын басқару және әлеуметтік саясат департаментінің маманы:

«Біз қашанда жас мамандар Кеңесі ұйымдастыратын сурет көрмесін асыға күтіп, зор қуанышпен қатысамыз. Бұл жолы менің ұлым Алмастың ең алғашқы болып марапатқа шыққанын өзіне ол қатты қуанды. Жалпы компания қызметкерлері отбасын ортақ шараға тартудың өзі құптарлық қой. Мұның өзі балаға моральдық тұрғыдан жағдай ғана емес, біз, тіпті, болашақ мамандығымызды таңдап қойдық. 9 жасар Алмас қазірден бастап мұнайшы болуды алдына мақсат қылып қойды. Осындай көрмелерге қатысқан сайын мықтырақ, күштірек, дарынды болып, алға озып, бас жүлдені жеңу - мұраты. Ал ұтыс Алмастың - өз бюджеті, оны қалай жұмайтынын деген ой есептеді. Жігер беру деген, міне осы.

Жаннат Кемалова

НЕ СТАРЕЮТ ДУШОЙ ВЕТЕРАНЫ

В рамках празднования 55-летия мангистауской нефти и полувекового юбилея производственного управления "Жетібаймұнайгаз", в Актау состоялся товарищеский матч между жетібайскими нефтяниками и ветеранами профессионального футбольного клуба "Каспий". Большую помощь в организации игры оказал профком ПУ «Жетібаймұнайгаз». Несмотря на то, что статус встречи был товарищеский, страсти на поле кипели нешуточно.



Но прежде чем судья дал старт поединку – руководители Акционерного Общества «Мангистаумұнайгаз» и спортсмены поздравили друг друга со знаменательными юбилеями.

55-летие Мангистауской нефти и 50-летие производственного управления «Жетібаймұнайгаз» большая дата в истории края, - открывая турнир, отметил заместитель Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз» по административным вопросам Жетібай Тулегожаев. – Искренне хочу поздравить вас со знаменательными юбилеями и пожелать всего самого наилучшего. Уверен, что товарищеская встреча пройдет в честной и бескомпромиссной борьбе, и пусть победит сильнейший!

Что касается самой игры, то она с первых минут получилась захватывающей. Уже в дебюте встречи отличились жетібайские нефтяники. Ветераны футбольного клуба «Каспий» опасно контратаковали и имели несколько возможностей сравнять счет. Однако до поры, до времени мяч, словно заколдованный никак не залетал в ворота.

– В первую очередь я хочу поблагодарить руководство АО «Мангистаумұнайгаз» за отличную организацию товарищеского матча, - сказал ветеран ФК «Каспий» Ермуханбет Балтабаев. – Команда жетібайских нефтяников очень дисциплинированная и

сбалансированная, мы получаем истинное удовольствие от игры.

– Для нас большая честь играть с ветеранами-профессионалами футбольного клуба «Каспий», - в свою очередь, подчеркнул председатель профкома ПУ «Жетібаймұнайгаз» Таргын Мысамбаев. – Но высокий статус соперника несколько нас не пугает, наоборот именно во встрече с сильной командой хочется проверить свои силы.

Во втором тайме ветераны «Каспия» взвинтили темп и сначала сравняли счет, а затем отличились еще дважды. Итоговый счет на табло – 3:1 в пользу ветеранов ФК «Каспий». Впрочем, жетібайские нефтяники несколько не расстроились поражению. Ведь в олимпийский год все товарищеские игры проходят под олимпийским девизом – главное не победа, участие!

АУЫЛ АСПАНЫҢ ӘН ТЕРБЕГЕН КҮН



30 тамыз күні ҚР Конституциясы күніне орай жас мамандар Кеңесінің құрамындағы өнерпаз жастар Қызан, Ақшымпыра ауылдарын аралап концерт берді. Шара Маңғыстау мұнайының 55 жылдығына, "Жетібай-мұнайгаз" өндірістік басқармасының 50 жылдығына және Жас мамандар кеңесінің 2 жылдық мерейтойына арналды.

Мерекелік кештің шымылдығын мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Анар Танашова ашты.

– Мұнайшыларды төл мерекесімен құттықтаймын. Елдің ырысын еселеп, желдің өтінде, күннің көзінде жүрген мұнайшылардың ерлігі мен еңбегі қандай мақтау мен марапатқа лайық. Бүгінгі мереке барлығымыздың қуанышымыз. Өнерпаз жастарды бүгін бүкіл ауыл болып зор ықылас, ыстық қошеметпен қарсы алдық. Өнерлеріне тәнті болдық. Алдағы уақытта да компания жастары осы үрдісті үзбей жалғастырады, ауылымызға жиі ат басын бұрса нұр үстіне нұр болар еді, - деген тілегін жеткізді.

«Жаңғырған Маңғыстау» әнін оуслете

шырқаған Жас мамандар кеңесінің жігіттері Шәмші Қалдаяқов, Төлеген Айбергенов табыны тиген топырақта қие мен қасиет барын ұқтырғандай, киелі сахнаны жаңғыртты. Мерекелік кеште ақын Еділ Бекмұрат «Мұнайшының махаббаты» өлеңін оқыса, Құрманғазының «Адай», "Сарыарқасын" Айбек Жұрымбаев қазақ тіні қара домбырасымен күмбіртеп күй орындады. "Қаламқас" вокальды аспапты ансамблі мен мұнайшы өнерпаз ағайындары Жакыптовтар дүтіңгі тірі дауыста шырқаған әндері залдағы көп көрерменнің көңілінен шығып, бір серпілтіп тастады.

Бойларына табиғаттан дарыған талантты туыншықтармай, өз беттеріне ізденіп, туған ауылының мәртебесін көтеруге атсалысқан Талғат пен Саламатты атап кетпеу мүмкін емес. Ауыл сахнасында ән сала жүріп, өнер төңірегіндегі істерге белсене кірісіп, аянбай тер төкті. Арнайы оқу бітірген мамандармен нық тірестіре сахнаға шығып, өнер әлеміне қатар қанат қақты. Алтынбек Саргожаев жетекшілік ететін Қаламқас вокальды аспапты ансамблінің жөні бір өтек. Барлығы да өндірісте жүріп өнерді серік еткен жандар. Ортақ іске ортақ ықылас танытып, ел мен жердің абыройын асыраған өнерпаздарға шалғайда отырған жерлерестеріміз дән риза болғанын өзі неге тұрды!

Кеш соңында Қызан ауылының үлкендері "өнерлерімен елдің көңілін көтеріп жатысындар, Алла сендердің көңілдеріңді көтерсін. Бұрынғы мен бүгінгі бүтіндеу – елдік болады, өнерлерің өлмесін", - деген ақ бата, ақжарма тілегін арнады.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
 «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: Ғ.Әбдісәдық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қоңақбаева
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Актау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 215-267, 211-230
 212-194, 211-938.
 Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы көзқарасын білдірмейді
 Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
 Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
 Индексі: 64265
 «АТІС» ЖШС баспаханасында басылды.
 Актау қаласы, 17 ш.а.
 тел: 525500